

## Жергілікті маңызы бар "Меркі" мемлекеттік табиғи қаумалын құру туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 100 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 мамырда № 3055 болып тіркелді РКДО-ның ескертпесі.

### Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Меркі және Т. Рысқұлов аудандарының аумақтарында осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес шекара шегінде жалпы алаңы 68 910 гектар жергілікті маңызы бар "Меркі" мемлекеттік табиғи қаумалы (бұдан әрі-Қаумал) құрылсын.
2. Қаумалдың аумағында осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес жер участкерлерінің меншік иелерінің, жер пайдаланушылар мен табиғат пайдаланушылардың шаруашылық қызметтеріне шектеу белгіленсін.
3. Қаумал "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Меркі ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітіліп берілсін.
4. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он құнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;
  - 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
  - 4) осы қаулыдан туындастын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Нұралиевке жүктелсін.
6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі


K. Көкрембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігінің  
Орман шаруашылығы және жануарлар  
дүниесі комитетінің төрағасының міндеттін атқарушы  
Қ. Үстеміров  
13 сәуір 2016 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2016 жылғы 31 наурызыдағы  
№ 100 қаулысының 1 косымшасы

## **Жергілікті маңызы бар "Меркі" мемлекеттік табиғи қауымалын жерге орналастыру жобасы**



## **Жергілікті маңызы бар "Меркі" мемлекеттік табиғи қаумалының аумағындағы жер участелерінің меншік иелерінің, жер пайдаланушылар мен табиғат пайдаланушылардың шаруашылық қызметтеріне белгіленген шектеулер**

Мыналарга тиым салынады:

мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жана технологиялар енгізуге;

жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін зәрлі улы химикаттар, тыңайтқыштар мен гербицидтер қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;

жануарлар мен өсімдіктердің бөтен тұрларін жерсіндіруге;

атмосфераға және ашық су көздері мен рельефке ластаушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге, қалдықтарды орналастыруға;

пайдалы қазбалар өндіруге;

әуесқойлық (спорттық) және кәсіпшілік аң аулауға;

радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;

жануарлардың қырылуын туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде үяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бұлдіруге, заңсыз жұмыртқа жинау жұмыстарын жүргізуге;

қаумалың аумағында және оған шекаралас аумақтарда шөптесін өсімдіктерді өртеуге;

автокөлікті және басқа да механикалық құралдарды су айдындары жағалауына қоюға және жууға, ыдыс аяқ жууға, кір жууға, үй жануарларын шомылдыруға;

арнайы белгіленген және жабдықталған орындардан тыс жерлерде тағам әзірлеу үшін от жағуға, мангал, ошақ орнатуға;

рұқсат етілген жинау орындарынан тыс жерлерде жабайы өсетін ағаш, бұта, шөп өсімдіктерін және дәрі-дәрмектік шикізат жинауға және қазып алуға;

мемлекеттік табиғи – қорық қоры мен табиғи кешендер объектілерінің табиғи дамуына және сақталуын бұзатын өзге қызметтерге.